

## **Ақтөбе қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына тұрақты қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жолақы жеңілдігін белгілеу туралы**

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 3 сәуірдегі № 1806 қаулысы және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2024 жылғы 3 сәуірдегі № 154 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 4 сәуірдегі № 8560-04 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңының 13-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 және 31 баптарына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ақтөбе қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе қаласы азаматтарының келесідей жекелеген санаттарына меншіктің барлық түріндегі тұрақты қалалық қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) тегін жол жүру түріндегі жеңілдік белгіленсін:

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;
- 2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;
- 3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;
- 4) "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға;
- 5) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі - КСР Одағы) ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға;
- 6) 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға;
- 7) мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға: бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар; мүгедектігі бар балалар;
- 8) жасына байланысты зейнеткерлерге.

2. Мыналардың:

- 1) Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 4595 және Ақтөбе қалалық мәслихатының 2021 жылғы 31 тамыздағы № 78 "Ақтөбе қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына тұрақты қалалық қоғамдық көлікте (таксиден

басқа) жолақы жеңілдігін белгілеу туралы" қаулысы мен шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24355 болып тіркелген);

2) Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 5 мамырдағы № 760 және Ақтөбе қалалық мәслихатының 2023 жылғы 5 мамырдағы № 23 "Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 4595 және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2021 жылғы 31 тамыздағы № 78 "Ақтөбе қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына тұрақты қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жолақы жеңілдігін белгілеу туралы" бірлескен қаулысы және шешіміне өзгерістер енгізу туралы" қаулысы мен шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8347 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қалалық бюджет қаржыландыру көзі болып айқындалсын.

4. "Ақтөбе қаласының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі қалалық бюджетте қарастырылған қаражаттар шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. "Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалынан жоғарыда көрсетілген азаматтардың тізімдерін алуды қамтамасыз етсін.

6. Осы Ақтөбе қаласы әкімдігінің қаулысы мен Ақтөбе қалалық мәслихатының шешімінің орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасарына (Ж. Бисембин) жүктелсін.

7. Осы Ақтөбе қаласы әкімдігінің қаулысы мен Ақтөбе қалалық мәслихатының шешімі олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қаласының әкімі*

*А. Бекет*

*Ақтөбе қалалық мәслихатының төрағасы*

*А. Даржанова*